



берілген адамдарға стипендия төленуі мүмкін.

3. Мамандықтардың тізбесі мен мемлекеттік білім гранттарының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын (наурыздың 31-нен кешіктірмей) айқындайды және республикалық баспасөзде жариялайды.

4. Мемлекеттік білім гранттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде бөлінеді.

"Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылар мемлекеттік білім грантын алуға құқылы және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсырмай қабылданады.

Жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары, сондай-ақ республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстарының соңғы үш жылдағы (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары таңдаған мамандықтары бойынша олимпиаданың, ғылыми жарыстың, конкурстың олар жеңімпаз болып табылатын пәніне сәйкес келген жағдайда мемлекеттік білім гранттарын алуға құқылы және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсырмай қабылданады.

Қабылдау емтихандарын тапсырмай білім грантының берілгендігі туралы куәлікті алудың және Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына қабылдау жөнінде өтініш берудің тәртібі Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерінде белгіленеді.

*Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.26. N 1517 Қаулысымен.*

5. Конкурсты жүргізген кезде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, мемлекеттік білім грантын алуға құқықты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесінің қорытындысы бойынша тиісті білім ұйымдарында оқуға кемшілігі болмаса, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер және үздік білім туралы құжаты (куәлік, аттестат, диплом) бар азаматтар басым ие болады.

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 703 Қаулысымен.*

6. Мемлекеттік білім гранты бойынша оқуға құқық алған адамдар Қазақстан Республикасының өздері таңдаған мамандық бойынша кадрлар даярлауға лицензиясы бар білім ұйымына қабылдау туралы өтініш береді.

Көрсетілген өтініштің берілуі білім ұйымына қабылдау үшін сөзсіз негіздеме болады.

7. Мемлекеттік білім тапсырысын білім ұйымдарының арасында бөлген кезде

Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органы білім ұйымдары үшін міндетті мынадай шарттарды басшылыққа алады:

1) мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруға рұқсат етілген білім ұйымдарының мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру тәртібі бойынша оқуға арыз берген адамдарды сөзсіз қабылдауы;

2) мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруға байланысты қабылдаған адамдарды оқыту бойынша келісімді бір жақты тоқтату құқығынан бас тартуы;

3) мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру тәртібімен өздері қабылдаған адамдарды оқыту құнын төлеудің мөлшерін, оның ішінде ұлттық валюта бағамы өзгерген жағдайда да, қайта қарау құқығынан бас тартуы;

4) мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру тәртібімен өздері қабылдаған адамдарды оқыту міндеттемесі бұзылуынан келтірілген, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шығынды өтеуі.

Оқуды ұйымдастыру үшін басқа жағдайлар осы Ережеге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібімен ғана белгіленуі мүмкін.

8. Мемлекеттік білім тапсырысы орналастырылатын оқыту қызметін жүргізу құқығына мемлекеттің лицензиясы бар білім ұйымдарының тізімін Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органы республикалық баспасөзде жыл сайын 1 шілдеден кешіктірмей жариялайды.

9. Мемлекеттік білім гранты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдары мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған оқу бітірушілерді еңбекке орналастыруға жәрдем көрсетеді.

10. Мемлекеттік білім гранты құқығына ие болған талапкерлер қабылданған Қазақстан Республикасының білім ұйымы, қаржыландыруды ашу үшін, Қазақстан Республикасының білім саласындағы орталық атқарушы органына аталған адамдардың қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттен мемлекеттік білім гранттарын беруге көзделген қаражатты аталған қаржылық бағдарламаның әкімшісіне бөлуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім гранттарын қаржыландырудың тәртібін аталған бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып бекітеді.

12. Білім ұйымына мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру тәртібімен қабылданған адамдар оқудан шығарылып қалған жағдайда, аталған грантты пайдалану құқығынан айырылады.

13. Мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын адам басқа білім ұйымына ауыстырылған кезде мемлекеттік грант мөлшеріне түзету енгізіледі, бірақ аталған грант мөлшері көбейтілмейді.

14. Мемлекеттік білім гранты бойынша оқып жүрген адамға академиялық демалыс берілген жағдайда мемлекеттік білім гранты бойынша оқу құқығы сақталады және академиялық демалыс берілген мерзімде оны қаржыландыру тоқтатылады (академиялық демалыста медициналық қорытындының негізінде болған грант иелеріне заңдарда белгіленген тәртіппен стипендиялар төлеу көзделген шығыстарды қаржыландыруды қоспағанда), ол мерзімі аяқталғанда қ а л п ы н а к е л т і р і л е д і .

15. Мемлекеттік білім тапсырысын орналастыру тәртібі бойынша оқитын а д а м ғ а :

1) ол оқып жүрген (оқитын) білім ұйымы таратылған немесе қайта ұ й ы м д а с т ы р ы л ғ а н ;

2) ол оқып жүрген (оқитын) білім ұйымынан лицензия қайтарып алынған немесе білім ұйымы лицензиясының күші тоқтатылған жағдайларда, басқа білім ұйымдарында қаржыландырудың жалғастырылатынына кепілдік беріледі.

Бұл жағдайларда қаржыландыруды жалғастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің келісімімен айқындайды.